

№ 5 Дәріс. Саяси элиталар және саяси көшбасшылық

Сабақтың жоспары

1. Элиталардың негізгі теориялары: Г.Моска мен В.Паретоның элитаның классикалық теориялары, демократиялық элитизм (М.Вебер) мен элита плюрализмі (Г.Лейпхарт, Р.Даль) концепциялары.
2. Саяси элита түсінігі. Қоғамға әсер ету көздері бойынша саяси элиталардың жіктелуі: (мұрагерлік, құндылықтық, биліктік, функционалдық), қалыптасу тәртібі бойынша (ашық және жабық). Элиталардың айналымы заңы. Саяси элитаның құрылымы (жоғарғы және орта). Саяси элиталарды таңдау жүйелері. Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері.
3. Саяси көшбасшылық түсінігі мен табиғаты, оның әлеуметтік функциялары. Саяси көшбасшылықтың қазіргі теориялары. Саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың сипатын айқындайтын факторлар. Саяси көшбасшылықтың дамуындағы жаңа үрдістер.

Дәрістің мазмұны

Кіріспе

«Элита» термині француздың «elite» деген сөзінен шыққан, сұрыпталған, таңдалған, іріктелген деген мағынаны білдіреді. 18 ғасырдан бастап ол сөзбен жоғары сапалы товарларды атады. 20 ғасырдан бастап саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді.

Тарихи жағынан алғанда адамдарды ел билеуші таңдаулыларға және олардың дегенін істейтін бағыныштыларға бөлу идеясы өте ертеден бастау алады. Конфуций (б.з.б.551-479) адамдарды асыл азаматтарға және төменгі адамдарға бөлді. Платон билеуші- философияға, әскерлерге, егіншілер мен кәсіпшілерге ажыратты. Алайда элитарлық теорияны көзқарастар жүйесі ретінде 20-ғасырдың басында италия ғалымдары Г. Моска, В. Парето, неміс Р. Михельстер қалыптастырды.

Гаэтано Моска (1854-1941) элита теориясын «Саяси ғылым негіздері» (1896) деген еңбегінде негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен басқарылушыларға бөлінеді деген. Оған ұйтқы болатын қасиеттерге әскери ерлікті, байлықты, діни дәрежені жатқызды. Осы үш қасиет, оның ойынша, адамға басқарушылар қатарына кіруге есік ашады.

Саяси элита деп қазына- байлықты, қаржы-қаражатты бөлуге байланысты және басқа саяси маңызды шешімдер қабылдауға қатысты жоғары мәртебесі мен ықпалы бар ұйымдасқан топты атайды.

Қазіргі саясаттану ғылымында білімнің элитология деген арнайы саласы бар. Ол элиталардың қалыптасу жағдайын, оның қоғамдағы ролін, әлеуметтік- саяси процестерге ықпал ету әдіс –тәсілдерін зерттейді.

Саяси элиталарды қалыптастырудың, жоғары лауазымды қызметке іріктеп алудың 2-түрі бар: антрепренерлық және гильдия жүйесі.

Антрепренерлік түрде басқарушы қызметке үміткердің ерекше қасиеттері, көпшілік жұртқа ұнай білу қабілеті басты орын алады. Онда кандидаттың байлығына, кәсібіне, біліміне, мамандығына, т.с.с. онша мән берілмейді. Ол ең алдымен өзінің тапқырлығын, жасампаздығын, белсенділігін көрсете білуі керек. (Мысалы: Р. Рейган президенттікке сайланды).

Гильдия жүйесінде үміткер билік сатысы бойынша баяу болса да анық көтеріліп отырады. Жоғары лауазымды қызметке үміткерге көптеген талаптар қойылады. Оған кандидаттық білімі, адамдар арасындағы жұмыс тәжірибесі, партиялық жатуы мүмкін. Талапкерлер бір таптың, топтың, тектің, партияның арасынан шығуы керек. Билік басына таңдаудың бұл түрі жабық болып саналады.

Гильдия жүйесі бәсекелестікке жол бермейді, билеушіні тұйық қоғамдық топтан іріктеп алатын, кертартпа түр. Оның артықшылығы- саясаткердің болашақ іс-әрекетін алдын ала болжауға, соған орай шара қолдануға болады. Билеуші элитаның арасында дау-

жанжалдың мүмкіндігін кемітеді. Осындай жүйенің бір түріне бұрынғы социалистік елдерде кең тараған номенклатуралық элита жатады. Қалай болғанда да қоғам саяси элитасыз, кәсіби маманданған басқарушыларсыз өз қызметін толық атқара алмайды.

Саяси іс- әрекетті іске асыруда саяси жетекшілердің, топ бастаушылардың (лидер) , серкелердің орны ерекше. Оған халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайық қасиеттерді жия білген адам жатады.

Саяси топ бастаушылар әдетте, мынадай қызметтерді атқарады: Қоғамның түбегейлі құндылықтары мен арман- аңсарлары негізінде әр түрлі топтардың басын біріктіріп, мүдделерін үйлестіру, топтастыру; халықтың, топтардың қажеттіктерін өтейтін және қарыштап алға басуға мүмкіндік тудыратын саяси бағыт-бағдарлама жасау; қоғам алдындағы мақсаттарды жүзеге асыру; халықты ынталандыру арқылы қажетті өзгерістерді іске асыру; жұртшылықпен, әр түрлі ұйымдар, топтармен тығыз байланыс жасау негізінде өзін-өзі саяси ұйымдастырудың тұрақты түрлерін қамтамасыз ету; әділеттің, заңдылықтың, тәртіптің кепілі болу.

Саяси көсем қандай кезде пайда болады. Халықтың немесе үлкен топтың өмірінде бір кездерде маңызды жағдайлар , оқиғалар кездеседі. Сонда көш бастайтын көсемге қажеттілік пайда болады. Сонымен топ бастаушы өзін – өзі көрсету үшін қоғамға белгілі бір саяси және азаматтық еркіндікте болуы тиіс. Оған пікір, еркіндігі, көппартиялық, парламент пен партиялардың ішінде жікшілдікке мүмкіндік беру. Мұндай жағдайда әлеуметтік мүдделерді бейнелейтін адамдардың саяси ойының таласы, бәсекесі толасыз жүріп жатады. Ал тоталитарлық және авторитарлық жағдайда саяси көсемдер емес диктатура, номенклатура мен бюрократия жеңді. Олар билік басына демократиялық жолмен, жетекшілікке жету заңдылықтары арқылы емес, қулық-сұмдық , зорлық – зомбылық әрекеттерді пайдаланады.

Қазіргі жағдайда саяси көшбасшылық қоғамдық өмірдің маңызды элементі болып табылады және оның мәні артты, яғни онымен байланысты проблемаларды зерттеу, талдау қажеттілігі де артады. Оның дәлелі Батыс саясаттанушылары арасында 70-жылдардың ортасынан бастап көшбасшылыққа деген қызығушылықты ояту болып табылады.

Саясаттану саяси көшбасшылықты билік феномені ретінде қарастырады, оның табиғатын, жұмыс істеу механизмдерін, қоғамға әсерін зерттейді, сондайақ оларды іріктеу және тиімді басқару бойынша әдістер мен практикалық ұсыныстар әзірлейді.

Көшбасшы- (ағыл. - жүргізуші) - ұйымның немесе кіші топтың беделді мүшесі, оның жеке әсері оған әлеуметтік саяси процестерде, жағдайларда маңызды рөл атқаруға мүмкіндік береді. Көшбасшылық-жеке тұлға немесе әлеуметтік топтың бір бөлігі көшбасшы рөлін атқаратын топтық қызметті біріктіру тетіктерінің бірі, яғни оның әрекетін күтетін, қабылдайтын және қолдайтын барлық топтың әрекеттерін біріктіреді, бағыттайды. Осыдан көшбасшылыққа деген қызығушылық туындайды.

Көшбасшылықтың көптеген зерттеулері неміс философы және әлеуметтанушы Макс Вебер әзірлеген типологияға сүйенеді. Ол көшбасшылықтың үш түрін бөледі:

1. Дәстүрлі көшбасшылық элитаға жататынын, дәстүрлердің қасиеттілігіне сенуді анықтайды ("индустрияға дейінгі қоғамға тән");
2. Харизматикалық көшбасшылық көсемнің қабілетіне, оның ерекшелігіне, тұлғаның табынуына негізделген;
3. Ұтымды-заңды көшбасшылық қолданыстағы тәртіптің (бюрократиялық көшбасшылық, белгілі бір мемлекеттік функцияның агенті) заңдылығына сенімділікке негізделген.

Саяси көшбасшы қандай қасиеттерге, сипаттамаларға ие болуы керек?

- қоғам мүддесі ол үшін жеке тұлғалардан жоғары болуы керек, дәл осы оған айтарлықтай дәрежеде бедел береді;
- әрекетті ұйымдастыру қабілеті;
- белгілі бір топтың көзқарастарын ескеру, білдіру және қорғау;

- коммуникабельділік және шешендік қабілеттер;
- жоғары саяси мәдениетке ие болу.

Басқа қасиеттерден басқа, көшбасшы – білімді, әдепті, моральдық тұрғыдан лайықты тұлға.

Көшбасшының қалыптасуына ықпал ететін көшбасшылық құқығын растайтын нақты шарттар:

- өз саяси бағдарламасының болуы (жаңа),
- осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін күресу қабілеті (сондықтан жеке қасиеттері маңызды: ерік, мақсаткерлік, табандылық),
- танымалдық (көпшілікті жеңе білу),
- көшбасшылықты көрсету үшін уақыт пен мүмкіндік болу.

Біздің Қазақстандағы элитаға келсек, еліміз егемендігін алғанымен билеуші топ онша өзгере қойған жоқ. Олардың көбі Кеңес Одағы кезінде номенклатуралық қызметтер атқарып, коммунистік партия ыдырағаннан кейін мемлекеттік институттарға қызметке көшті. 1993 жылғы Конституция бойынша биліктің 3 тармағы тең делінді. Алайда шын мәнінде билік атқарушы органның қолына тиді. 1995 жылғы ҚР Конституциясы Президенттік билікті бекітіп, атқарушы биліктің мәртебесін арттыра түсті. Жекешелендіру кезінде халықтың еңбегімен жасалған мүлікке ие болды.

Қазақстанның қазіргі элитасына кім жатады десек, оған Президент аппаратының құрамы, Парламент, министрліктер басшылары мен орынбасарлары, дипломатиялық элита кіреді. Олардың арасында тиімді несиелер алып, бизнеспен айналысып, байығандар баршылық. Олар қаржы-қаражат, экономикалық қорлар, қажетті мағлұматқа иелік етеді.

Бақылау сұрақтары (өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар) (бекіту тәсілдерін қолдану)

1. «Элита» термині қай тілден шыққан және бастапқыда қандай мағына берген?
2. Саяси элита ұғымын алғаш жүйелі түрде негіздеген ғалымдар кімдер?
3. Газтано Моска элитаға кірудің қандай негізгі қасиеттерін атады?
4. Саяси элитология немен айналысады?
5. Саяси элиталарды қалыптастырудың қандай екі жүйесі бар? Олардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
6. Гильдия жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
7. Саяси көшбасшының қоғамдағы басты қызметтерін атаңыз.
8. Макс Вебер көшбасшылықтың қандай үш түрін көрсетті?
9. Саяси көшбасшының қандай қасиеттері болуы тиіс?
10. Қазақстанның қазіргі элитасына қандай топтар жатады?

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017
3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" 12 сәуір 2017
4. Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. – 2 т.- Алматы: Қарасай, 2011.
5. Heywood A. Politics. - N.-Y.: Palgrave Macmillan, 2013.
6. Мұсатаев С.Ш. Саяси билік: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. – 2014
7. Әлемдік саясаттану антологиясы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: Қазақстан. – 2005-2009. - Т. 1-9

8. Казахстанский путь - 2050. -3 т./ Под ред. Султанова Б.К. – Алматы: КИСИ, 2014.

Қосымша:

1. Бәйділінов Л.Ә. Теориялық саясаттану. – Алматы, 2005.

2. Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: теория, методология, практика. - Алматы, 2008.

3. Казахстанская политологическая энциклопедия / Под ред. Т.Т.Мустафина. - Алматы, 1998.

4. Управление рисками в сфере внутренней политики Республики Казахстан/ Под. ред. Шаукеновой З.К. - Алматы, 2014.

5. Чеботаров А.Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки. Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015.